ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 қазан №2301-24-00-2/2513 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Ғабдол Сланов атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхана» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Гарант Климат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор С.Коптлеуов
талап қоюшы өкілі А.Қобдаған

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 08 шілдеде тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №82 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға ағынды-сорғылы желдету жүйесін жөндеу қызметін шартқа қол қойған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген. Шарт қазынашылық органға 2024 жылғы 09 шілдеде тіркелген. Міндеттемені орындау мерзімі 2024 жылғы 29 шілдеге дейін. Шарт 2024 жылғы 05 тамызда біржақты бұзылған.

Талап қоюшы сотта «Гарант Климат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Соттың 2024 жылғы 10 қазандағы ұйғарымымен талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі қараусыз қалдырылған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі А.Қобдаған талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін, жауапкер телефонын көтермейтінін көрсетті.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (келесіде – АПК) 196-бабын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Прокурор С.Коптлеуов қорытындысында талап қанағаттандырылуға, тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі қараусыз қалдырылуға жататындығын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 21 тамызда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 11.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.11.2024, судья Саудабаев А. Б., 13.11.2024
2301-24-3-1/2703

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 196, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Ғабдол Сланов атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхана» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Гарант Климат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Гарант Климат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Гарант Климат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 11 қазанда шығарылды.

Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2024 жылғы « » енді.

Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 11.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2024, судья Саудабаев А. Б., 13.11.2024

2301-24-3-1/2703

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 11.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2024, судья Саудабаев А. Б., 13.11.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

2301-24-3-1/2703